Жамбыл облысы әкімдігіиің білім басқармасының «Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсінорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы

АНЫҚТАМАСЫ

Қаратау қаласы
27.04.2026 жыл

Ішкі талдау объектісі: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (ары қарай – Қаратау құрылыс-техникалық колледжі).

Мекеменің мекен-жайы: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Т. Рысқұлов көшесі, №1.

Жұмыс телефоны: 8 7262 6 24 84.

Электрондық поштасы: k_g_t_k @mail.ru.

Ішкі талдау комиссия тобы:

Комиссия төрағасы: Байтанаев Бахытжан Алиевич, директор.

Комиссия мүшелері:

- Қожамбаева Индира Рахметханқызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Мырзахметова Рая Рахмановна, бас бухгалтер;
- Ибраимов Ғани Амангельдиевич, бөлім меңгерушісі, комплаенс-қызметінің офицері.
- Примова Ақмарал , кадр бөлімінің инспекторы.

Комиссия тобы Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің директоры Б. Байтанаевтың 02.04.2026 ж. №35-Ө бұйрығымен құрылған.

Ішкі талдау қамтылған кезеңі: 2025 жыл.

Ішкі талдау жүргізілген мерзімі: 2026 жылдың 08-18 сәуір аралығы.

Жауапты уәкілетті тұлғалар:

-Байтанаев Б.А., Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің директоры.
- Қожамбаева И.Р, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Мырзахметова Р.Р., бас бухгалтер;
- Ибраимов Ғ.А, бөлім меңгерушісі, комплаенс офицері;
- Примова А.М., кадр бөлімінің меңгерушісі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы
№ 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелген) жүргізілді.

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің құрылымы:

Колледжде 4 бөлім құрылған:

1. Әкімшілік-басқару бөлімі.
2. Есеп бөлімі.
3. Оқу бөлімі.
4. Шаруашылық бөлімі.

Мемлекеттік қызметкерлер саны – 0 адам.
Кәсіпорын қызметкерлер саны – 85 қызметкер және 4 қызметкер бала күтіміндегі демалыста.
Қоса атқару шартымен жұмыс істейтін қызметкерлер саны – 10 адам
Барлығы – 99 қызметкер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшем шарттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Қаратау құрылыс-техникалық колледжі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Қаратау құрылыс-техникалық колледжі өз қызметінде басшылыққа алатын және олардың негізгі қызметін қозғайтын төмендегі нормативтік-құқықтық актілер зерделенді:

Қаратау құрылыс-техникалық колледжі бекітілген Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмет етеді. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

II. Қаратау құрылыс-техникалық колледжі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) **<u>Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:</u>**

2025 жылы кәсіпорын қызметкерлер саны барлығы – 99 қызметкер.
оның ішінде:
- кәсіпорын қызметкерлер саны – 85 адам
- бала күтімі демалысындағы қызметкерлер саны – 4 адам
- қоса атқару шартымен жұмыс істейтін қызметкерлер саны – 10 адам

1) **<u>Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:</u>**

2025 жылы жұмыстан босатылған адамдар саны – 20 қызметкер, барлығы келісім шарт мамандары, оның ішінде:
- Өз еріктерімен жұмыстан босатылғандар – 19 адам;
- Маусымдық еңбек шартымен жұмыс істегендер -2 адам;
- Зейнет жасымен шыққандар саны -1 адам.

Жұмысқа қабылданған адамдар саны – 15, барлығы келісім шарт мамандары.

IV. Тәртіптік жазаға тарту туралы: Қаратау құрылыс-техникалық колледж 2025 жылы ееепті мерзімге дейін басшысының бұйрығымен тәртіптік жазаға тартылған қызметкерлер тізімі:

Қаратау құрылыс-техникалық колледж басшысының бұйрығымен тәртінтік жазаға тартылған қызметкерлер саны – 21 адам

Қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 05.01.2025ж. № 3-к бұйрығымен ескерту жарияланған қызметкерлер тізімі:

1. Боранбаев Т.Р. – 0713-23-9б тобының жетекшісі ретінде
2. Изтилеуова Ж.Т. – 0716-24-9б тобының жетекшісі ретінде
3. Серикова А.Т. – 0716-23-9б тобының жетекшісі ретінде
4. Қырғызбаев М.О. – 0716-24-11б тобының жетекшісі ретінде
5. Ерғараева А.Д. – 1013-24-11б тобының жетекшісі ретінде
6. Арынбаев Б.И. – 0715-24-11б тобының жетекшісі ретінде
7. Айжанов Б.Н. – оқытушы, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 26.02.2025ж. №38-к бұйрығымен еөгіс жарияланды.
8. Исатай Б.Қ. - оқытушы колледжішілік ережесін дұрыс сақтамауына үшін 11.03.2025ж. № 47-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
9. Мамадияров Е.К. – оқытушы қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 04.04.2025ж. № 58-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
10. Шыныбеков К.О. – оқытушы қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 04.04.2025ж. № 58-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
11. Боранбаев Т.Р. – оқытушы қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 04.04.2025ж. № 58-к бұйрығымен сөгіс жарияланды.
12. Исатай Б.Қ. – оқытушы қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 04.04.2025ж. № 58-к бұйрығымен сөгіс жарияланды.
13. Айжанов Б.Н. – оқытушы қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 04.04.2025ж. № 58-к бұйрығымен қатаң сөгіе жарияланды.
14. Утепбаев А.Р. – оқытушы қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 15.04.2025ж. № 66-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
15. Кожамбаева И.Р. – директордың тәрбие ісі жөнідегі орынбасары, қызметтік міндеттері шегінде берілген тапсырмалардың орындалуын және қадағалау жұмыстарын қамтамасыз етпегені үшін 25.04.2025ж. № 74-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
16. Субинов Н.К. – бөлім меңгерушісі, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 25.04.2025ж. № 74-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
17. Салыбекова Ж.Ж. – педагог-психолог, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 25.04.2025ж. № 74-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
18. Бұрлыбаева Г.А. – оқытушы, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 25.04.2025ж. № 74-к бұйрығымен сөгіс жарияланды.
19. Сулейменова Л.О. – оқытушы, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 25.04.2025ж. № 74-к бұйрығымен сөгіс жарияланды.
20. Сембина Б.А. – вахтершы, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 19.05.2025ж. № 90-к бұйрығымен ескерту жарияланды.
21. Бекмолдоева М.А. – әлеуметтік-педагог, қызметтік міндеттерін тиісінше орандамағаны үшін 05.11.2025ж. №212-к бұйрығымен ескерту жарияланды.

Қаратау құрылыс-техникалық колледжі бекітілген Жарғы аясында қызмет атқарады.

1. **<u>Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:</u>** Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мүдделер қақтығыстығы орын алмаған.

Қаратау құрылыс-техникалық колледжі мемлекеттік қызмет көрсетудің 5 түрін қамтиды, олар:

- Техникалық және кәсіптік орта білімнен (әрі қарай- ТжКОБ) кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;
- ТжКОБ кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру;
- тжКОБ орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;
- Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- ТжКОБ кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау.

Мемлкеттік қызмет көрсету бойынша жан-жақты талдамалық мәліметтер ішкі зерделеу бойынша ашық талқылаудың хаттамасында мәтін түрінде және қосымшасында кесте түрінде берілді (қосымша 1)

Қызметтің бұл түрі бойынша әр айдың соңында (қазіргі уақытта квартал сайын) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығына беріледі.

2.Қаратау құрылыс-техникалық колледжі рұқсат беру функцияларын іске асыруды, бақылау функцияларын іске асыруды, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет көрсетуді жүргізбейді.

V. <u>Есепті кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:</u>

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша БАҚ-да жарияланымдар бар (жеке есептік кестеде колледждің фейсбук және инстаграм парақташаларына сілтемелері көрсетілген).

<u>Қызмет көрсету бойынша:</u> 2025 жылы «<u>Е-өтініш» біріңғай платформасы</u> арқылы барлығы 28 хат келіп түсті. Тоқсандар бойынша :

-1тоқсан – 1 өтініш; - 2 тоқсан – 8 өтініш;
-3тоқсан – 10 өтініш; - 4 тоқсан – 9 өтініш.

Яғни, азаматтардың «Е-отініш» платфомасы арқылы жүгінуі артып келе жатқандығын айғақтайды. Өтініштi қабылдау, жауап беру процедураларында қолданыстағы заң нормалары бұзылмағандығын құзырлы мемлекеттік орган тарапынан ескертулер мен түзетулердің болмағандығы өрнектейді.

Барлық өтініштер уақытылы қаралып, дер кезінде жауаптарын алған.

Азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштерін уақтылы және толық қарастырылуын қамтамасыз ету, олар бойынша шешім қабылдап, заңмен белгіленген мерзімде өтініш иесіне жауап қайтару Қаратау құрылыс-техникалық колледжі қызметінде негізгі функциялардың бірі болып табылады.

Ұсыныс: Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заң бұзушылықтарға жол бермеуді. Тиісті орындаушыларға түсіндіруді.

Қазақстан Республикасының әкімшілік процестік кодекс нормаларында белгіленген процедуралар мен мерзімдерді қатаң сақтауды.

VI. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тексеріс актілері және Жамбыл облысы білім басқармасы бойынша:

Қаратау құрылыс-техникалық колледжіне 2025 жылға бюджеттен бөлініп, игерілген қаржы барлығы 564274,0 мың теңге. Соның ішінде :

- Жергілікті бюджеттен- 443231,0 мың теңге
- Республикалық бюджеттен- 121043,0 мың теңге

Қаржының жекелеген бағыттар бойынша бөлінуі қосымшада 2, хаттамаға.

2025 жылы материалдық-техникалық базаға қаражат бөлінбеген. Жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланыуына орай 0716 "Жеңіл автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандығы құзіреттілігі орталығында автотехнопарк ашуға барлығы 47331,0 мың теңге, оның ішінде:

1. Құрал-жабдықтарға -12248,0 мың теңге
2. Автошеберханаға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге-35082,0 мың теңге жұмсалған.

Колледжде 2025 жылдың 10-28 қарашасында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық есебі болды, тексеру 2023-2025 жылдарды қамтыған. Аудит барысында анықталған кемшілік: 3 439,0 мың теңгеге қызметкерлердің сыйақыларынан кем ұсталған жеке табыс салығы жергілікті бюджетке қайтарылуда. Мемлекеттік аудит жүргізуде сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ және кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.Келесі аудиторлық тексеру 2027 жылдың төртінші тоқсанында күтілуде Прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ.

Ұсыныс: Салықтар мен алымдар бойынша салық режимін қатаң сақтау міндеттеледі.

VII. Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде өткізілген мемлекеттік сатып алулар саны және өткізу тәсілдері, олардың қорытындылары мен келісім шарттары және орындалу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдары аясында жүргізіледі.

Есептік кезеңде жоғарыда аталған функциялар бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері мемлекеттік сатып алулар кезеңінде анықталған жоқ.

2025 жылы 57 169 292.79 теңгеге 74 шарт жасалынған. Оның 58 (78.37%) мәмілесі баға ұсыныстарын сұрату арқылы жасалынған. Бұл тәсіл сыбайлас жемқорлық ықтималдығы төмен тәсілдердің бірі болып табылады. Себебі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен (бұдан-әрі ҚР ҚМ-ның бұйрығы) бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру Қағидаларының 419-тармағына сәйкес, баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғаннан кейін, мемлекеттік сатып алудың веб-порталы баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырып қорытынды жасайды.

Яғни 2025 жылы колледж тарапынан мемлкеттік сатып алу шарттарының 78,37%-да баға ұсыныстарын салыстыру процесінде адами фактордың қатысуы жойылған. Аталған шарттар (58) бойынша жалпы қаржы сомасы 47 951 520,59 теңге.

Алайда, барлық тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер осы тәсілмен сатып алынуы мүмкін емес. Атап айтқанда , мемлекеттік сатып алудың 16 -сы бір көзден (қосымша 3, хаттамаға) сатып алу тәсілі арқылы жасалынған, жалпы сомасы 9 217 772,20 теңге. Бір көзден жасалған шарттың ішінде «Талас аудандық әкімдігінің «Игілік көпсалалы кәсіпорны» КМК –мен (әрі қарай –кәсіпорын) жылу энергиясы (3 430 000,00мың) және ауыз су мен кәріз қызметі (320 000,00 мың) туралы шарт жасасқан (қосымша кестеде 3,4 жол). Мұнда қызметті ұсынушы кәсіпорын -табиғи монополист субъектісі. Сондай-ақ, электржарығын ұсынушы (кестеде 2-ші жол) «Жамбыл электр жүйелері» ЖШС ауданда электржарығын ұсынушы бірден –бір кәсіпорын. Сонымен қатар, бір көзден сатып алған қызмет (235 920 теңге) - мемлекеттік веб порталын қолдану тарифы (кестеде 1-жол), Білім беру туралы мемлекеттік үлгідегі бланкілерді дайындау қызметі (314059,20 теңге), жұмысты орындаушы «ҚР ҰБ Банкноттық фабрикасы» ШЖҚ МРК . Басқа бір көзден сатып алу шарттары ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 16 бабының 3 тармағының 28 тармақшасына сәйкес (бір көзден сатып алудың жылдық көлемі 100АЕК (тауарлар) немесе 500 АЕК (қызметтер мен жұмыстар) аспайтын бір текті тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу өткізілді) жүзеге асырылған. Бір көзден сатып алу шартын жасасу барысында атауы қайталанатын әлеуетті өнім берушілер/жеткізушілер жоқ (қосымша 3 қараңыз)

VIII. Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ағымдағы жылдың есептік кезеңінде профилактикалық және атқарылған іс-шаралар ақпараты төмендегідей:

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі колледж басшысының тұрақты бақылауында. Колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іс-шаралар туралы:

Есептік кезеңде сыбайлас жемқорлыққа «нөльдік» төзімділікті қалыптастыру мақсатында 2025 жылда педагогтар қауымымен және студенттермен 8 іс-шара өткізілді және жергілікті газетте бір мақала жарық көрді («Talas tunysy» ғазеті 10.06.2025ж. №43). Барлығы білім беру ұйымының әлеуметтік парақшасында жарияланды (хаттамаға қосымша 3) .

Сонымен қатар, 2025 жылдың 21 қарашасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаметімен ұйымдастырылған «Тәуекелдерді басқарудағы комплаенс офицердің» тақырыбындағы форумда комплаенс жүйесін дамытуға қосқан белсенді еңбегі мен адалдық қағидаттарын ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің комплаенс офицері алғыс хатпен марапатталды.

Колледждің психологиялық-әлеуметтік кабинетімен оқу топтары бойынша екі рет сауалнама алынды, салдары теріс қорытынды көрсеткен жоқ. Сонымен қатар, мүдделер қақтығысының орын алуын (ягни, пән оқытушылары тарапынан студенттерге теріс материалдық ықпал етуін) болдырмау мақсатында ағымдағы емтихандар тест форматында оқу бөлімінің қызметкерлерімен алынады.

Есептік кезеңде Қаратау құрылыс-техникалық колледжі қызметшілері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық фактілері орын алмаған.

Қорытындылай келе Қаратау құрылыс-техникалық колледжі қызметкерлеріне келесі іс-шараларды орындау ұсынылады:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі ауыстыру фактілеріне жол бермеу. Мерзімі - тұрақты.

2. Мүдделер қақтығысына жол бермеу. Мерзімі - тұрақты.

3. Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің Жарғысында бақылау функцияларын іске асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарды қатаң сақтау. Мерзімі - тұрақты.

4. Қаратау құрылыс-техникалық колледжіне келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімінде жауап беру, өтініште көрсетілген мәселелер құзіретіне кірмесе, сол өтінішті заңнамаға сәйкес құзіретіне кіретін органға мерзімінде жолдау. Мерзімі - тұрақты.

5. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау. Мерзімі - тұрақты.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Мерзімі - тұрақты.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

Директор **Байтанаев Б.Б.**

Директордың орынбасары **Қожамбаева И.Р.**

Бас бухгалтер **Мырзахметова Р.Р.**

Комилаенс офицері **Ибраимов Ғ.А.**

Кадр бөлімінің меңгерушісі **Примова А.М.**